

**"Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 605 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 10 қарашада № 14408 болып тіркелді

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 206 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 24 қаңтарда № 11395 болып 2015 жылғы 17 қыркүйекте тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге а с ы р у қ ағ и д а л а р ы н д а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қағидалар көлік құралының габаритін, салмағы және (немесе) біліктік жүктемелерін ескере отырып, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары арқылы және елді мекендердің көшелері арқылы жүріп өту үшін Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының жол берілетін габариттік және салмақтық параметрлерінен асатын жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру тәртібін а н ы қ т а й д ы . » ;

3 - т а р м а қ т а :

1) тармақша алынып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арналған арнайы рұқсат – Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерінен габариті, салмағы және (немесе) біліктік жүктемелері бойынша артық, жүгі бар немесе жүксіз, Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүріп өтуіне құқық

беретін қағаз тасығыштағы немесе электронды рұқсат беру құжаты (бұдан әрі – арнайы рұқсат) ; » ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүктерді автокөлік құралымен автомобиль жолдары арқылы тасымалдауға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы рұқсат болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.»;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Мына жағдайлардың барлығында:

1) ірі габаритті автокөлік құралының ені 3,5 метрден асатын болса;
2) ірі габаритті автокөлік құралының ұзындығы 24 метрден асатын болса;
3) ірі габаритті автокөлік құралының биіктігі 4,5 метрден асатын болса;
4) Арнайы рұқсаттың «Қозғалыстың ерекше шарттары» бағанында жол жүру бағытындағы қандай да бір жол құрылысы бойынша жеке дара тәртіппен жүруге рұқсат етіледі деп көрсетілген немесе жол жүру бағытының жекелеген учаскелерінде қозғалысты ұйымдастыруға жедел ықпал етуді талап ететін басқа да шарттар көрсетілген басқа жағдайларда тасымалдау бағытын келісу және бүркемелеу автомобилінің болуы міндетті.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Мына жағдайлардың барлығында:

1) ірі габаритті автокөлік құралының ені 4,0 метрден асатын болса;
2) ірі габаритті автокөлік құралының ұзындығы 30,0 метрден асатын болса;
3) жүгі бар немесе жүксіз автокөлік құралының толық салмағы немесе жүктеме оның білігі бойынша бөлінуі жол санаты мен ондағы құрылыстар үшін келісуші ұйымдармен рұқсат етілген шекті жүктеме мөлшерлерден асатын болса;
4) қозғалыс кезінде ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралы қарсы қозғалыс ендігін ең болмағанда ішінара иеленуге мәжбүр болса міндетті.»;

28-тармақ алынып тасталсын;

30-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының арнайы рұқсатсыз жол берілетін салмақтық және (немесе) габаритті параметрлерді асыра отырып немесе арнайы рұқсатта көрсетілген параметрлердің бірін асыра отырып не маршруттан немесе мерзімдерден ауытқи отырып жүріп өту дерегі анықталған жағдайда, ӘҚБК-де көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары қабылданады және тасымалдау мынадай жағдайларда жалғасады:» ;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) тасымалдаушының автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерінен асыра отырып, жол жүру бағыты бойынша одан әрі қарай жүрген және арнайы рұқсат

алмай автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасын толық жол жүру бағытына төлегеннен кейін – бейімделген және арнаулы көлік құралдарымен жүктерді тасымалдау дерегі анықталған кезде.»;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Тасымалдаушы Арнайы рұқсат алу немесе оған өзгерістер енгізу үшін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті ұсынады:

1) отандық тасымалдаушы – Мемлекеттік корпорациясы, портал арқылы не мемлекеттік кіріс органдарына;

2) шетелдік тасымалдаушы – уәкілетті органға немесе мемлекеттік кіріс органдарына жүгінуі тиіс.»;

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Егер тасымалдаушы ұсынған бағыт бойынша ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуі мүмкін болмаса немесе егер оны жүзеге асыру үшін жол жамылғысын немесе жол құрылыстарын нығайту бойынша қосымша шаралар жүргізу талап етілетін болса, келісуші ұйым бұл туралы уәкілетті органды немесе мемлекеттік кіріс органдарын жазбаша түрде не электрондық құжат нысанында хабардар етеді немесе күшейту жұмыстарын орындау қажет болған кезде басқа жол жүру бағытын ұсынады.»;

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Уәкілетті органға немесе мемлекеттік кіріс органдарына өтініш түскен кезде оны тіркеу және ондағы мәліметтерді:

1) ұсынылған ақпараттың толықтығы;

2) жүкті тасымалдауға қойылатын автокөлік құралының техникалық сипаттамаларының сәйкестігі тұрғысынан тексеру жүргізіледі.

Уәкілетті орган немесе мемлекеттік кіріс органдарымен арнайы рұқсатты алуға өтінішті қарастыру мерзімі ол келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнін, ал тасымалдау бағытын келісу қажет болмаған жағдайда – 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.»;

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

38. Уәкілетті орган немесе мемлекеттік кіріс органдары Қағидалардың 17 және 18-тармақтарында көзделген жағдайларда өтінішті қарау барысында тасымалдаушының өтінішін келісуші ұйымдармен келісуді жүргізеді.

Өтінішті келісу мерзімі ол келіп түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнін құрайды.

Келісуші ұйымнан белгіленген мерзімде жауап болмаған жағдайда, тасымалдаушының өтініші келісілген болып есептеледі.»;

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«42. Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралының жүріп өтуіне арнайы рұқсатты алуға өтініш:

1) автокөлік құралы табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жұмысқа тартылған;

2) бұрын алынған арнайы рұқсатта көрсетілген автокөлік құралының техникалық сипаттамалары және салмақтық-габариттік параметрлері сәйкес болған кезде, көлік құралын ауыстырған (сынған жағдайларда);

3) бұрын алынған арнайы рұқсаттың мерзімі аяқталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күні қалғанда арнайы рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзартқан жағдайларда 1 (бір) жұмыс күнінде қаралады.

Қағидалардың осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым өндірілмейді және бұрын алынған арнайы рұқсатта көлік құралы ауыстырылғаны немесе арнайы рұқсаттың қолдану мерзімі ұзартылғаны туралы өзгерістер енгізіледі.

Арнайы рұқсаттың қағаз тасығышындағы өзгерістер уәкілетті орган немесе мемлекеттік кіріс органдары басшысының немесе оның орынбасарының қолы қойылады және мөрмен куәландырылады.

Арнайы рұқсаттағы ұзарту мерзімі күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспауы тиіс.»;
44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Арнайы рұқсат уәкілетті органмен немесе мемлекеттік кіріс органдарымен қозғалыс маршрутын белгілегеннен және Кодексте белгіленген мөлшерлемелер бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алым сомасы төленгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күнінен артық емес мерзімде беріледі.

Бұл ретте, қағаз тасығыштағы арнайы рұқсатты уәкілетті органның не мемлекеттік кіріс органдарының басшысымен немесе оның орынбасарымен қол қойылады және мөрмен куәландырылады. " ;

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Арнайы рұқсаттардың бланкілері қатаң есептегі құжаттар болып табылады және тіркелуге жатады.

Арнайы рұқсаттардың (берілген, бүлінген, жоғалған және басқасы) әрбір бланкілері бойынша мемлекеттік кіріс органдары ай сайын уәкілетті органға арнайы рұқсаттардың түбіртектерін қоса отырып есеп береді.

Қағаз тасығышта және электронды құжат түрінде берілген арнайы рұқсаттар туралы мәліметтер уәкілетті органның электронды ақпараттық ресурсында қалыптасады.»;

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«47. Ілесіп жүру автомобилінің болуы қажет болған кезде Қағидалардың 18-тармағында көзделген жағдайларда тасымалдаушы өтініш берілген бағыт бойынша ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралына ілесіп жүруді ұйымдастыру үшін ішкі істер аумақтық органдарына немесе Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрілігі Әкімшілік полиция комитетіне (бұдан әрі – Комитет) не оның аумақтық бөлімшелеріне жүгінеді.

Комитет халықаралық және өңіраралық тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінде ілесіп жүруді ұйымдастырады,

ол туралы тасымалдаушыны хабардар етеді.

Облыстың, қаланың және ауданның әкімшілік полициясы немесе ішкі істер аумақтық органдары жергілікті тасымалдауды жүзеге асыру кезінде хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінде ілесіп жүруді ұйымдастырады, ол туралы тасымалдаушыны хабардар етеді.»;

көрсетілген Қағидалардың 1 және 4-қосымшалары осы бұйрыққа 1және 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;
көрсетілген Қағидалардың 2-қосымшасы алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә. А. Асаубаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне күнтізбелік он күн ішінде жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі Ж. Қасымбек

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі
Д. Абаев

2016 жылғы 24 тамыз

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының

Қ а р ж ы м и н и с т р і
Б. С ұ л т а н о в -----

2016 жылғы 5 қыркүйек

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р і
Қ. Б и ш і м б а е в -----

2016 жылғы 6 қазан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
І ш к і і с т е р м и н и с т р і
Қ. Қ а с ы м о в -----

2016 жылғы 12 қыркүйек

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н в е с т и ц и я л а р ж әне д а м у м и н и с т р і н і ң
2 0 1 6 ж ы л ғы 1 2 т а м ы з д а ғы
№ 6 0 5 б ұ й р ы ғы н а

1-қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң а у м а ғы н д а
і р і г а б а р и т т і ж әне а у ыр с а л м а қ т ы
ж ү к т е р д і т а с ы м а л д а у д ы ұ й ы м д а с т ы р у
ж әне о н ы ж ү з е г е а с ы р у қ а ғ и д а л а р ы н а

1-қосымша

нысан

**Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ауыр салмақты және
(немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне**

АРНАЙЫ РҰҚСАТ

№ _____

көлік құралының (маркасы, моделі, нөмірлік белгісі)

(бағыт бойынша өтетін елді мекендердің атауы, жолдың ұзақтығы,
километрмен) бағыты бойынша жүруіне

1. Көлік құралының параметрлері:

| көлік құралының жалпы салмағы, тоннамен | жүктің салмағы, тоннамен |
|---|--------------------------|
| | |

| | | | | | | | | | |
|--|---|-------------------|---|---|---|---|---|---|----|
| ұзындығы, метрмен | ені, метрмен | биіктігі, метрмен | | | | | | | |
| көлік құралының артқы сыртқы нүктесінен жүктің тысқары шығуы, метрмен | шанақтың немесе платформаның алдыңғы сыртқы нүктесінен тіркеменің (жартылай тіркеменің) артқы сыртқы нүктесіне дейінгі жүкті орнатуға арналған арақашықтық, метрмен | | | | | | | | |
| жүк автомобилінің артқы білігі мен тіркеменің алдыңғы білігі арасындағы арақашықтық, метрмен | тіркеу құрылғысы ілмегінің білігі мен құрамдастырылған автокөлік құралының артқы жағы арасындағы жол берілетін арақашықтық, метрмен | | | | | | | | |
| дөңгелек біліктерінің орналасу схемасы және олардың арақашықтығы, метрмен | | | | | | | | | |
| біліктер бойынша жүктеме, тоннамен | | | | | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

2. Ілесіп жүру үшін бөлінген көлік құралдары _____

(маркасы, моделі, нөмірлік белгісі)

3. Жүкті тасымалдаушы ұйымның атауы, мекенжайы мен телефоны

4. ___ сағаттан бастап ___ сағатқа дейін (жылы, айы, күні) ___ километр/сағаттан аспайтын жылдамдықпен _____ жолдарымен жүруге рұқсат етіледі

-----кесу сызығы-----

АРНАЙЫ РҰҚСАТ ТҮБІРТЕГІ

№ _____

(маркасы, моделі, нөмірлік белгісі, көлік құралының өлшемі, бағыт нөмірі, бастапқы және соңғы пунктi, жолдың ұзақтығы, километрмен)

5. Қозғалыстың ерекше жағдайлары _____

(ілесіп жүретін автомобильдердің қозғалыс тәртібін, қозғалысқа басқа қатысушыларды тасымал туралы хабар ету тәсілін, жүктеме түрін, оның көпірлерден өткізу тәртібін және басқасын көрсету)

6. Рұқсат берілді _____

(уәкілетті органның атауы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде),
мөрмен куәландырылған қолы, күні)

7. Жүріп өткені үшін алымдар есебі _____

Төлем сомасы _____

(жазбаша)

8. Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру қағидаларының негізгі талаптарымен танысқандар: Негізгі тартқыштың жүргізушісі _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), қолы)
Жүкпен ілесіп жүретін тұлға _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), қолы)
9. Көлік құралын жүкті тасымалдауға жауапты ұйымның өкілдері тексерді және Жол қозғалысы ережесі мен Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру қағидаларының талаптарына сәйкес келеді

(ұйым, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), мөрмен куәландырылған қолы (болған кезде), күні)

Ескертпе: арнайы рұқсаттың барлық бағандары біркелкі сиямен толтырылуы тиіс (толтырылмаған бағандар сызылып тасталады).

-----кесу сызығы -----

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне АРНАЙЫ РҰҚСАТ ТҮБІРТЕГІ

№ _____

Жүріп өткен үшін алымдар есебі _____

Төлем сомасы _____

(жазбаша)

Рұқсат берген уәкілетті өкіл _____

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), мөрмен
куәландырылған қолы, күні)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Инвестициялар және даму министрінің

2016 жылғы 12 тамыздағы

№ 605 бұйрығына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының аумағында

ірі габаритті және ауыр салмақты

жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру

және оны жүзеге асыру қағидаларына

4-қосымша

нысан

_____ облысы (қаласы) бойынша

мемлекеттік кіріс органдары/көліктік

бақылау органы басшысына

Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының

жүріп өтуіне арнайы рұқсатты алу (ұзарту) үшін

Өтініш

Тасымалдаушының атауы

ЖСН/БСН

Мекенжайы, телефоны

Жүктің атауы мен салмағы, тоннамен

Автокөлік маркасы

мемлекеттік нөмірі

Тіркеменің (жартылай тіркеменің) маркасы

мемлекеттік нөмірі

Көлік құралының түрі

Жүк көтергіштігі, тоннамен

Изотермиялық шанақтың болуы

Әуе немесе оған балама аспаның болуы

Жүру бағыты

Бағыттың жалпы ұзақтығы, километрмен

оның ішінде қалалардың аумағы бойынша, километрмен

Жол жүру (рейс) саны

Жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)

Ілесіп жүру түрі

Жүру күні мен уақыты мемлекеттік нөмірі

Арнайы рұқсатты ұзарту немесе көлік құралын ауыстыру жағдайларында толтырылады (қажеті сызылсын)

Бұрын берілген арнайы рұқсаттың номері мен күні

Ауыстырылатын автокөлік маркасы мемлекеттік нөмірі

Ауыстырылатын тіркеме (жартылай тіркеме) маркасы мемлекеттік нөмірі

Автокөлік құралының жүгін қоса есептегендегі нақты салмақтық және габариттік параметрлері

| Параметрлері | Нақты | Рұқсат етілген | Асқаны | | | | | | |
|---|---------|----------------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|
| Жол бетінен биіктігі, метрмен | | | | | | | | | |
| Ені, метрмен | | | | | | | | | |
| Ұзындығы, метрмен | | | | | | | | | |
| көлік құралының артқы сыртқы нүктесінен жүктің тысқары шығуы, метрмен | | | | | | | | | |
| шанақтың немесе платформаның алдыңғы сыртқы нүктесінен тіркеменің (жартылай тіркеменің) артқы сыртқы нүктесіне дейінгі жүкті орнатуға арналған арақашықтық, метрмен | | | | | | | | | |
| жүк автомобилінің артқы білігі мен тіркеменің алдыңғы білігі арасындағы арақашықтық, метрмен | | | | | | | | | |
| жартылай тіркеменің топсалы бекітпесінің білігі мен жартылай тіркеменің алдыңғы жағының кез келген нүктесі арасындағы арақашықтық, метрмен | | | | | | | | | |
| тіркеу құрылғысы ілмегінің білігі мен құрамдастырылған автокөлік құралының артқы жағы арасындағы жол берілетін арақашықтық, метрмен | | | | | | | | | |
| Толық салмағы, тоннамен | | | | | | | | | |
| Тіркеменің толық салмағы, тоннамен | | | | | | | | | |
| Дөңгелек формуласы (еңістігі) | 1-білік | 2-білік | 3-білік | 4-білік | 5-білік | 6-білік | 7-білік | 8-білік | 9-білік |
| біліктердің ара қашықтығы, метрмен | | | | | | | | | |
| Білікке нақты жүктеме, тоннамен | | | | | | | | | |

Ескертпе: толық емес және (немесе) дәйексіз ақпарат өтінішті қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады.

Рұқсат қағаз тасығышта қажет/қажет емес (қажеті сызылсын)

Қосымша деректер _____

_____ (тасымалдаушының лауазымы, тегі, аты, (М.О. (болған кезде), қолы, жөні (болған кезде)) күні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК